



Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 қарашада № 21660 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 89-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заны 10-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне 1) және 2) тармақшаларда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

A. Цой

Денсаулық сақтау министри

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 18 қарашасы
№ ҚР ДСМ-198/2020
Бұйрыкка 1-косымша

Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша

жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 89-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заны 10-бабының 1-тармағына сәйкес өзірленді және медициналық ұйымдардың еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздықты куәландыратын құжаттар беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) еңбекке уақытша жарамсыздық парагы – адамдардың еңбекке уақытша жарамсыздығын куәландыратын, жұмыстан уақытша босату және еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақы алу құқығын растайтын құжат;

3) еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы – жәрдемақы алмай жұмыстан (оқудан) босату үшін негіз болып табылатын, еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын құжат;

4) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және занды тұлғалар;

5) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар,

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауының жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

7) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № ҚР ДСМ-146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен;

8) цифрлық құжаттар сервисі - операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындастырын көрсетілген мемлекеттік қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі.

Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № ҚР ДСМ-146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

2-тарау. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, енбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру тәртібі

3. Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес медициналық қызметті жүзеге асыратын медициналық ұйымдарда жүргізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № ҚР ДСМ-146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

4. Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы, еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру:

1) Заңға сәйкес берілген еңбекке уақытша жарамсыздықты сараптау жүргізуді қамтитын медициналық қызметтің түрін жүзеге асыруға лицензиясы болған жағдайда мемлекеттік және жеке меншік нысанындағы медициналық ұйымдардың, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысатын дәрігерлер (бұдан әрі - денсаулық сақтау субъектілері) береді;

2) мемлекеттік нысандағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі - МСАК) ұйымдарының орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлері пациенттерді өз бетінше қабылдаған және бастапқы үйге шақыртуда өз бетінше қызмет көрсеткен кезде береді;

3) медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясы (бұдан әрі – ДКК) арқылы жүзеге асырылады.

5. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу кезінде медицина қызметкери (дәрігер, орта медицина қызметкери):

1) денсаулық жағдайын, еңбек сипаты мен жағдайларын, әлеуметтік факторларды бағалау негізінде еңбекке уақытша жарамсыздық белгілерін белгілейді;

2) осы Қағидаларға сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімдерін айқындайды;

3) еңбекке уақытша қабілетсіздігі туралы парапты немесе анықтаманы береді және дәрігерге кезекті бару күнін белгілейді, оны бастапқы медициналық құжаттамада тіркейді;

4) пациентті консультация үшін ДКК-ға және медициналық-әлеуметтік сараптамаға (бұдан әрі - МӘС) уақтылы жібереді.

1-параграф. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру тәртібі

6. "Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын беру" немесе "Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру" мемлекеттік қызметтерді алу үшін жеке тұлғалар (көрсетілетін қызметті алушы) денсаулық сақтау субъектісіне (көрсетілетін қызметті беруші) жеке басын куэландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) ұсына отырып жүргінеді.

Көрсетілетін қызметті беруші пациентке "Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын беру" немесе "Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру" мемлекеттік қызметтерді тікелей жүгінген кезде немесе "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере

отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет тізбесінде келтірілген.

Өтінімді электрондық түрде берген кезде жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдалануышының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде немесе портал арқылы - жеке басты куәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты тапсырған сэттен бастап 30 (отыз) минуттан аспайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық форматта алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ қойылған порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұрау салуды қалыптастырады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парап немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушілер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Ескерту. 6-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № ҚР ДСМ-146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

7. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы:

- 1) жіті немесе созылмалы аурулар асқынған;
- 2) еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалтуға байланысты жарақаттанған және уланған;

- 3) жүктілікті жасанды үзген;
- 4) науқас балаға күтім жасаған;
- 5) жүкті болған және босанған;
- 6) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған;
- 7) санаторийлік-курорттық ұйымдарда толық емделген;
- 8) карантин;
- 9) ортопедиялық протездеу кезінде беріледі.

8. Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандары бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы:

1) білім беру ұйымдарында оқитын адамдардың жіті немесе созылмалы аурулары асқынған, жарақаттану және улану;

2) алкогольдік немесе есірткілік мас болу жағдайында алынған жарақаттар, сондай-ақ алкогольдік немесе есірткелік жіті уыттанған;

3) өзге бұзылулармен және аурулармен асқынбаған созылмалы алкоголизмді, нашақорлықты емдеген;

4) науқас балаға күтім жасаған;

5) инвазивтік зерттеп-қараша әдістерін жүргізу кезеңінде консультациялық-диагностикалық ұйымдарда зерттеп-қарашадан өткен;

6) жүктілікті жасанды үзген;

7) жүкті болған және босанған;

8) жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған;

9) санаторийлік-курорттық ұйымдарда толық емделген;

10) карантин;

11) ортопедиялық протездеу;

12) ауысымның соңына дейін еңбекке жарамсыздық белгілері болған кезде (кәсіпорындардың және ұйымдардың медициналық пункттерінің медицина қызметкерлері береді) беріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын "Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет стандартында келтірілген.

Өтінімді электрондық түрде берген кезде жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының

абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімімен "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге тікелей жүгінген кезде немесе портал арқылы - құжатты тапсырған сәттен бастап 30 (отыз) минуттан аспайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық форматта алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ қойылған порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға сұрау салуды қалыптастырады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушілер ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

9. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген жағдайларда еңбекке уақытша жарамсыздық парагы Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға және еңбек ететін және білім беру үйімдарында оқытын шетел азаматтарына оларды өндірістік практика кезеңінде ақы төletін жұмыс орындарына алынған кезеңдерінде беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

10. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беруді және ұзартуды медицина қызметкері адамды тексеріп-қарағаннан және науқастың амбулаториялық (стационарлық) медициналық картасына оны жұмыстан уақытша босату қажеттігін негіздейтін денсаулық жағдайы туралы деректерді жазғаннан кейін жүзеге асырады.

11. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы:

- 1) әскери басқару органдарының жолдамасы бойынша медициналық күэландырудан, медициналық тексеруден өтетін немесе емделетін;
- 2) қамаудағы немесе әкімшілік қамаудағы;
- 3) амбулаториялық-емханалық жағдайларда әртүрлі ем-шаралар мен манипуляциялар қабылдайтын, зерттеп-қараудан өтетін, асқынудан (нашарлаудан) тыс созылмалы аурулары бар;
- 4) еңбекке уақытша жарамсыздық белгілері анықталмаған жағдайда медициналық ұйымға медициналық көмек сұрап, өтініш білдірген адамдарға берілмейді.

Көрсетілген жағдайларда пациентке амбулаториялық (стационарлық) науқастың медициналық картасынан көшірме беріледі.

12. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын мынадай медициналық ұйымдар:

- 1) қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 2) сот медицинасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 3) травматологиялық пункттерде және стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелері;
- 4) санаторийлік-курорттық ұйымдар;
- 5) апаптар медицинасы ұйымдары;
- 6) саламатты өмір салтын қалыптастыру және дұрыс тамақтану саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 7) дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлері;
- 8) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 9) жедел медициналық көмек ұйымдары бермейді.

13. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы еңбекке уақытша жарамсыздығы белгіленген күнінен бастап мереке және демалыс күндерін қоса алғанда, еңбекке жарамдылығын қалпына келтірудің бүкіл кезеңі бойына беріледі.

14. Осы Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, адамды медицина қызметкері тексермеген, өтіп кеткен күндер үшін еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беруге жол берілмейді.

2-параграф. Жіті немесе созылмалы аурулар асқынған, жарақаттар мен уланулар кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру тәртібі

15. Жіті немесе созылмалы аурулар асқынған және жарақаттар кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын медицина

қызметкері күнтізбелік үш күнге (халықтың тұмаумен, ЖРВИ-мен қатты сырқаттанушылығы кезеңінде алты күнге дейін медициналық үйым басшысы бүйрекшілік негізінде) және жалпы ұзақтығы күнтізбелік алты күннен аспайтын мерзімге жеке өзі және бір мезгілде береді.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасын алты күннен артық ұзарту медициналық үйымның бөлімше менгерушісімен бірлесіп, жалпы ұзақтығы күнтізбелік жиырма күннен аспайтын мерзімге жүргізіледі.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парагынан көрсетілген мерзімнен артық ұзарту ДКК-ның қорытындысы бойынша жүргізіледі.

Бір дәрігер жұмыс істейтін медициналық үйымдарда еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы беріледі және дәрігер еңбекке жарамсыздықтың барлық кезеңінде бейінді маманның консультациясымен өз бетінше ұзартады.

Жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалар еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын күнтізбелік алты күннен аспайтын мерзімге береді.

Осы Қағидалардың 11-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлері еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімге береді. Үш күннен жоғары еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын ұзартуды участекелік дәрігер жүргізеді.

Ауылдық жерлердегі фельдшерлер дәрігер болмаған кезде халықтың тұмаумен, ЖРВИ-мен қатты сырқаттанушылығы кезеңінде еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын жалпы ұзақтығы күнтізбелік алты күннен аспайтын мерзімге медициналық үйым басшысы бүйрекшілік негізінде береді.

16. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы жүктілікті және босанды, сондай-ақ Кодекстің 89-бабының 2-тармағына сәйкес Екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулардың тізбесінде айқындалған ауруларды қоспағанда, күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімге беріледі.

Егер ДКК-ның қорытындысы бойынша мүгедектікті белгілеу мақсатында МӘС-ке жіберу үшін негіз болмаса, бірақ адамдардың еңбек жағдайы аурудың клиникалық ағымы мен болжамын нашарлатса, ДКК-ның екі айдан бастап алты айға дейінгі мерзімге неғұрлым жеңіл жұмысқа уақытша ауыстыру туралы қорытындысы беріледі. Мерзімді кәсібіне (мамандығына), аурудың ағымы мен асқынударына қарай ДКК белгілейді.

17. Жұмыс (ауысым, оқу) уақыты аяқталғаннан кейін медициналық көмекке өтініш білдірген адамдарға еңбекке уақытша жарамсыздық парагында немесе анықтамасында келесі күннен бастап жұмыстан босату күні көрсетіледі.

18. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы стационарға емдеуге жатқызылған жағдайда емдеуге жатқызылған күннен бастап, бекітілген жері бойынша (басқа қаладан келген адамға - жүгінген жері бойынша) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық үйымда амбулаториялық жағдайларда емделген жағдайларда травматологиялық пунктке және жедел жәрдем станциясына жүгінген күнді олардың көрсетілген медициналық үйымға жүгінгендерін растайтын анықтаманың негізінде есепке ала отырып беріледі.

Адам жедел жәрдем бригадасы және (немесе) травматологиялық пункте қызмет көрсетілген кейін келесі күні амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық үйымға жүгінеді.

Егер адамға жедел жәрдем бригадасы және (немесе) травматологиялық пункте жұма күні, демалыс және мереке күндері қызмет көрсетілсе, онда еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасын амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін үйым, травматологиялық пунктке және жедел жәрдем станциясына жүгінген күнді және одан кейінгі демалыс пен мереке күндерін олардың көрсетілген медициналық үйымға жүгінгендерін растайтын анықтаманың негізінде есепке ала отырып береді.

19. Адам ауысым аяқталғанға дейін еңбекке жарамсыз болған жағдайда, кәсіпорындар мен үйымдардың медициналық пункттерінің медицина қызметкери кейіннен медициналық үйымға жібере отырып, ауысымның аяғына дейін еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын береді. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беруді кәсіпорынның медициналық пунктіне өтініш білдірген күнін есепке ала отырып, адам бекітілген медициналық үйымның медицина қызметкери жүргізеді.

20. Белгіленген туберкулез, психикалық, тері-венерологиялық, онкологиялық және адамның иммун тапшылығы вирусы/жүқтырылған иммун тапшылығы синдромы (бұдан әрі - АИТВ/ЖИТС) аурулары кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын мамандандырылған медициналық үйымдардың (бөлімшелердің, кабинеттердің) тиісті медицина қызметкерлері береді. Осы аурулармен ауыратын адамдар жалпы бейінді медициналық үйымдарға жүгінген кезде медицина қызметкери кейіннен міндетті түрде адамды мамандандырылған медициналық үйымға (бөлімшеге), ондай болмаған

жағдайда бейінді маманға жібере отырып, күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімге еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын береді.

21. Адамдарды санаторийлік-курорттық ұйымға емдеудің ажырамас компоненті болып табылатын медициналық оңалту жүргізу үшін ауыстырған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын ұзартуды адам бекітілген медициналық ұйым жүргізеді.

22. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын стационарлық емдеу кезінде (күндізгі стационарларды қоса алғанда) медицина қызметкері адамды шығарған күні стационарлық емдеудің бүкіл кезеңіне береді.

Егер стационардан шығару сәтіне адамның еңбекке жарамдылығы толық қалпына келтірілсе, еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы шығарылған күнмен жабылады.

Еңбекке уақытша жарамсыздығы сақталып отырған адамдарға еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы оның емхананың медицина қызметкеріне келуі немесе медицина қызметкерін үйге шақыруы (бір күннен аспайтын мерзімге) үшін қажетті уақыты ескеріле отырып, ұзартылады.

Тұрған өнірінен тыс ем қабылдаған адамдарға оның тұрақты мекенжайына келуі үшін қажетті уақыт (бірақ күнтізбелік төрт күннен аспайтын мерзімге) есептеледі. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын одан әрі ұзарту және жабу адамның тұрғылықты жері бойынша ДКҚ қорытындысынан кейін оны одан әрі бақылауды жүзеге асыратын медицина қызметкері немесе одан әрі емделу үшін науқас жіберілген медициналық ұйым жүргізеді.

23. Алкогольдік немесе есірткілік мас болу күйінде алған жарақаттар кезінде, сондай-ақ алкогольдік немесе есірткілік жіті уыттанған кезде еңбекке уақытша жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы беріледі.

Пациентке еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы берілген аурумен байланысты емес басқа ауру туындаған кезде, еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы жабылады және еңбекке уақытша жарамсыздық парағы беріледі. Егер, осы ауру бойынша еңбекке қабілеттілік қалпына келгеннен кейін, алкогольдік немесе есірткілік мас болу күйінде алған жарақаттармен туындаған еңбекке уақытша жарамсыздық жалғасады, қайтадан еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы ашылады.

24. Өзге де бұзылуышылықтармен және аурулармен асқынбаған созылмалы алкоголизмді, нашақорлықты емдеу кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасымен куәландырылады. Егер осы кезеңде еңбекке уақытша

жарамсыздықтың болуымен аурұ немесе жарақаттан туындаса және алкоголизмді (нашақорлықты) емдеуді тоқтату талап етілсе еңбекке уақытша жарамсыздық парагы беріледі.

Созылмалы алкоголизм (нашақорлық) өзге де аурулармен және еңбекке қабілеттілікті бұзатын жағдайлармен асқынған кезде еңбекке жарамсыздықтың бүкіл кезеңіне еңбекке жарамсыздық парагы беріледі.

25. Психикалық аурулардан зардал шегетін адамдар медициналық ұйымға уақытында қаралмаған кезде еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы психоневрологиялық диспансердің ДКҚ-ның немесе медициналық ұйымның басшысымен бірлесе отырып, медицина қызметкерінің (психиатр дәрігер) қорытындысы бойынша өткен күндері үшін беріледі.

Соттың шешімі бойынша еңбекке жарамсыз деп танылған сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптамаға жіберілген адамдарға еңбекке уақытша жарамсыздық парагы және анықтамасы сараптамаға түскен күнінен бастап беріледі.

26. Оқуын жұмыспен қоса атқаратын адамға еңбекке уақытша жарамсыздық парагын тіркелген жеріндегі медициналық ұйымдар береді.

27. Егер адам бірнеше жұмыс берушіде жұмыс істейтін болса еңбекке уақытша жарамсыздық парагы бір жұмыс орны бойынша беріледі, адамның басқа жұмыс орындарына медициналық ұйым басшысы бекіткен және медициналық ұйымның мөрі қойылған еңбекке уақытша жарамсыздық парагының көшірмелері беріледі.

28. Басқа қалада тұратын адамдарға еңбекке уақытша жарамсыздық парагы және анықтамасы олардың уақытша келген жерінде ресімделеді және тиісті медициналық ұйым басшысының келісімі бойынша беріледі.

Көрсетілген еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын ұзарту еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын ашқан медициналық ұйымның ДКҚ қорытындысы болған жағдайда тұрақты мекенжайы бойынша жүргізіледі.

29. Тұрақты мекенжайынан тыс, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс медициналық ұйымдарға жіберілген адамдарға еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын жол жүргуге қажетті күнге, бірақ күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімге ДКҚ қорытындысы бойынша жіберген медициналық ұйым береді.

Бұл еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын ұзарту адам жіберілген медициналық ұйымда жүргізіледі.

Егер адам Қазақстан Республикасынан тыс жіберілген болса, еңбекке уақытша жарамсыздық парапын немесе анықтамасын соңғы ресімдеуді ол қайтып келген кезде ДКК басқа елдегі консультация (емдеу) туралы құжаттардың негізінде жүргізеді.

30. Бекітілген жері бойынша медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парапын немесе анықтамасын алған адамдарға оларды басқа медициналық ұйымда ұзарту еңбекке уақытша жарамсыздық парапын немесе анықтамасын берген медициналық ұйымның ДКК қорытындысы болған кездеғана жүргізіледі.

31. Шетелдегі Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты өмір сүретін және еңбек ететін қандастардың, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың ауру, жарақаттану фактілерін куәландыратын құжаттар оның бекітілген жеріндегі медициналық ұйымның ДКК қорытындысы бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парапын немесе анықтамасын беру үшін негіз болып табылады.

Ауру, жарақаттану фактілерін куәландыратын құжаттарды қазақ немесе орыс тіліне аудару және келген елінде немесе Қазақстан Республикасында бекіту қажет.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтарына ауырған, жарақаттанған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы беріледі.

33. МӘС-ға:

1) еңбекке уақытша жарамсыздығы басталған күннен бастап төрт айдан кейін немесе қайталап ауруы (сол аурумен) кезінде соңғы он екі айдың ішінде еңбекке уақытша жарамсыздықтың бес айынан кешіктірмей;

2) жарақаттану кезінде еңбекке уақытша жарамсыздығы басталған күннен бастап төрт айдан кейін, ауру ағымының болашақ болжамы болған кезде ДКК шешімі бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парапы екі айға ұзартылады;

3) туберкулезben аурудың салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық басталған күннен бастап сегіз айдан кейін ұзақ ауыратын, жұмыс істейтін еңбекке уақытша жарамсыздық парактары бар адамдар жіберіледі.

34. Мүгедек деп танылған адамға мүгедектік тобы белгіленген күнмен еңбекке уақытша жарамсыздық парапы немесе анықтамасы жабылады.

35. Жұмыс істейтін мүгедектер мүгедектікке әкелген аурулары бойынша денсаулығы нашарлаған кезде уақытша жұмысқа жарамсыздық күнінен бастап

екі айдан кейін МӘС-ға жіберіледі. Егер жұмыс істейтін мүгедектердің денсаулығы мүгедектікке әкелген аурулармен байланысты болмаса, онда еңбекке уақытша жарамсыздық парагы осы Қағидаларға сәйкес беріледі.

36. Адамды МӘС-ға жіберуден бас тартқан жағдайда уақытша жұмысқа жарамсыздық парагы МӘС-ға жіберуден бас тартқан күнінен бастап ұзартылмайды, бұл туралы мәліметтер еңбекке уақытша жарамсыздық парагында және науқастың амбулаториялық (стационарлық) медициналық картасында көрсетіледі.

37. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагының бланктегі қатаң есептілік құжаттары болып табылады.

38. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ресімделеді.

39. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын беретін денсаулық сақтау субъектілері оның беткі жағын толтырады. "Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы" атауымен еңбекке уақытша жарамсыздық парагының беткі жағында тиісінше не "алғашқы" не "жалғасы" деген сөздердің асты сзыылады. Одан кейін медициналық ұйымның атауы мен мекенжайы, паракты беру күні, пациенттің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы мен жұмыс орны көрсетіліп, медициналық ұйымның мөрі қойылады.

40. "Уақытша жұмысқа жарамсыздық түрі" бағанында паракты беру негізі көрсетіледі.

Егер еңбекке уақытша жарамсыздық парагы босануға байланысты берілсе - босану күні, ұл/қыз баланы асырап алуға байланысты-асырап алу күні, науқас балаға күтім жасау бойынша - баланың туған жылы мен күні көрсетіледі.

41. "Режим деген жолда жазылған емдеу-сақтау режимінің (стационарлық, амбулаториялық, санаториялық) түрі көрсетіледі. Медицина қызметкері тағайындаған режимді адамның бұзы жағдайлары (алкогольді шамадан тыс пайдалану, тағайындаған зерттеп-қарастыруды немесе емдеуді орындамау, медицина қызметкерінің қабылдауына көрсетілген мерзімде келмеу, басқа жерге кетіп қалу және басқалар) міндетті түрде белгіленіп, медицина қызметкерінің қолы қойылады.

42. Тиісті кестелерде стационарлық емдеу мерзімдері туралы, МӘС-ға жолдау күні және олардың қорытындысы туралы белгілер жасалады.

43. "Жұмыстан босату" бөліміндегі "Қай күннен бастап" бағаны араб цифrlарымен, ал "Қай күнді қоса алғанда" деген бағанда жазбаша жазылады. Бұл бөлімнің әрбір жолында медицина қызметкерінің лауазымы, тегі мен аты, қолы көрсетіледі.

44. "Жұмысқа кірісу" деген жол адам тексеріліп-қаралғаннан және еңбекке жарамды деп танылғаннан кейін келесі күнмен (айы мен күні) жазбаша толтырылады. Еңбекке уақытша жарамсыздық сақталған жағдайда: "Әлі сырқаттануда" деп жазылады және басқа еңбекке жарамсыздық парагының нөмірі мен берілген күні көрсетіледі. Еңбекке жарамсыздық басқаша аяқталған жағдайда: "Мүгедектік белгіленді (күні)", "қайтыс болды" (қайтыс болған күні көрсетіледі) деген мәліметтер жазылады.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын бергеннен немесе мерзімін ұзартқаннан кейін адам қабылдауға келмесе, ал кезекті қабылдауда еңбекке жарамды деп танылса, еңбекке жарамсыздық парагының "Жұмысқа кірісу" деген жолында: "Жұмысқа жарамды" (келген күні көрсетіле отырып), "Қай күннен бастап" және "Қай күнді қоса алғанда" деген бағандардағы бос жолдар "Z" белгісімен сзылады.

45. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы адамның өтініші бойынша немесе оның жұмысындағы әкімшіліктің талабы бойынша жабылмайды.

46. Науқастың амбулаториялық картасында (стационарлық сырқаттың медициналық картасында) еңбекке уақытша жарамсыздық парактары бланкілерінің нөмірлері, олардың берілген күні, ұзартылған немесе жұмысқа шығарылған күні жазылады.

47. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагының сыртқы бетін адамның жұмыс орны бойынша жұмыс беруші мөр басып, еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңінде ақы төленетін жұмыс күндерін көрсетуді есепке ала отырып, толтырады.

48. Дұрыс жазылмағандарды сыза және үстіңгі жағына дұрыс жаза отырып, түзетулер енгізуге болады. Түзетулер денсаулық сақтау субъектісінің мөрімен куәландырылған медицина қызметкерінің қолымен ескертіледі.

49. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын ашқан кезде денсаулық сақтау субъектісінің мөрі парактың бірінші бөлімінің үстінде оң жағына жұмысқа шығарған кезде немесе жалғасын берген кезде төменгі жағына қойылады.

50. Барлық еңбекке уақытша жарамсыздық парактары еңбекке уақытша жарамсыздарға еңбекке уақытша жарамсыздық парактарының бланкілері бойынша есептілік үшін құжат болып табылатын түбіртектерге қол қойдыру арқылы беріледі.

51. Берілген еңбекке уақытша жарамсыздық парактарының есебі Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен еңбекке уақытша жарамсыздық парактарын тіркеу кітабында жүргізіледі.

52. Бұлінген және алынбай қалған еңбекке уақытша жарамсыздық параптерының бланкілерін оларды берген медицина қызметкерлері мынадай тәртіппен қайтарады: бланкті иір сзызықпен сыйзады және ірі әріптермен "бұлінген" немесе "қайтарылған" деп жазады.

Бланкілердің түбіртектері, бұлінген немесе алынбай қалған бланкілер медициналық ұйымда екі жыл бойы сақталады, содан кейін басшы бүйрығының негізінде жойылады. Бұлінген немесе алынбай қалған бланкілерді жою туралы акт бес жыл бойы сақталады.

53. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын жоғалтқан жағдайда, жұмыс орнынан жоғалған еңбекке уақытша жарамсыздық парагы бойынша жәрдем ақы төленбегендігі туралы анықтаманы ұсынған кезде еңбекке уақытша жарамсыздық парагын берген денсаулық сақтау субъектісі оның телнұсқасын береді. Телнұсқаның алдыңғы бетінің жоғарғы жағында "Телнұсқа" деген белгі қойылады.

54. Тағайындаған күні дәрігердің қабылдауына келмеген адамға еңбекке уақытша жарамсыздық парагы жүгінген күнінен бастап келмеген күндерін есептемей ұзартылады.

55. Еңбекке жарамсыздық жалғасқан жағдайда медицина қызметкери алғашқы еңбекке жарамсыздық парагының "Режимді бұзу туралы белгілер" деген бағанында бұзушылықты белгілеп, адамға еңбекке уақытша жарамсыздық парагының "жалғасын" береді.

56. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагының бланкілері ұрланған немесе жоғалған жағдайда медициналық ұйым оны анықтаған күнінен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілген фактілер туралы жергілікті мемлекеттік денсаулық сақтау органына хабарлайды.

3-параграф. Жүктілік пен босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру

57. Жүктілік пен босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру тәртібі:

1) жүктілік және босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын бақыланған орны бойынша медициналық ұйымда медицина қызметкери (акушер-гинеколог дәрігері), егер ондай маман болмаған жағдайда жүктіліктің отызыншы аптасында ДКҚ қорытындысынан кейін ұзақтығы жүз жиырма алты күнтізбелік күн мерзімге (босанғанға дейін күнтізбелік жетпіс күн және босанғаннан кейін күнтізбелік елу алты күн) бөлім менгерушісімен бірлесіп дәрігер (терапевт, жалпы практика дәрігері) береді. Жүктілік және босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парап берілген күні пациенттің амбулаториялық медициналық картасында диагнозы

(жүктілік мерзімі) белгіленген әйелдің денсаулық жағдайы туралы тиісті жазба жасалады.

Ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын және/немесе жеңілдіктер мен өтемақыларға құқығын растайтын куәлігі бар әйелдерге жүктіліктің жиырма жетінші аптасында жүктілік және босану бойынша еңбекке жарамсыздық парагы немесе анықтамасы қалыпты босанған жағдайда ұзақтығы күнтізбелік жүз жетпіс күн (bosanғanfa дейін күнтізбелік тоқсан бір күн және босанғаннан кейін күнтізбелік жетпіс тоғыз күн) беріледі ("Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына сәйкес);

2) Қазақстан Республикасының шегінде тұрақты тұрғылықты мекенжайынан уақытша кеткен әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы босанған (мерзімінен бұрын) медициналық ұйымда немесе Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес босандыру ұйымының үзінді көшірмесіне (алмастыру картасына) сәйкес бақыланған орны бойынша медициналық ұйымда беріледі (ұзартылады).

Тұрақты мекенжайынан Қазақстан Республикасынан тыс уақытша кеткен әйелдерге, олар жүктілігі және босануы бойынша демалысы кезінде жүргінген кезде еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы бекітілген орны бойынша медициналық ұйымда ДКК қорытындысы бойынша, жүкті әйелдің Қазақстан Республикасынан тыс жерде болу фактісі және баланың (балалардың) медициналық ұйымда туу фактісі (баланың туу туралы куәлігі) куәландыратын құжаттарды көрсеткен кезде беріледі (ұзартылады). Ұсынылатын құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне аударылуы және келген елінде немесе Қазақстан Республикасында расталуы тиіс;

3) Осы қағидаларға 4-қосымша сәйкес қыын босанулар тізбесінде көрсетілген қыын босану жағдайда немесе екі және одан да көп бала туган жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы бақыланған орны бойынша медициналық ұйымдағы медицина қызметкері (акушер-гинеколог дәрігер), ал ол болмаған жағдайда дәрігер (терапевт, ЖПД), ДКК қорытындысынан кейін бөлімше менгерушісімен бірлесіп, денсаулық сақтау босандыру ұйымының шығару парагына сәйкес қосымша күнтізбелік он төрт күнге береді және ұзартады.

Ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын және/немесе жеңілдіктер мен өтемақыларға құқығын растайтын куәлігі бар әйелдерге қыын босанған, екі және одан да көп бала туган жағдайда еңбекке уақытша

жарамсыздық парағы немесе анықтамасы бақыланған орны бойынша медициналық ұйымдағы медицина қызметкери (акушер-гинеколог дәрігер), ал ол болмаған жағдайда дәрігер (терапевт, ЖПД), ДКҚ қорытындысынан кейін бөлімше менгерушісімен бірлесіп, денсаулық сақтау босандыру ұйымының үзінді көшірмесіне сәйкес бақыланған орны бойынша қосымша күнтізбелік он төрт күнге береді және ұзартады ("Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына сәйкес);

4) жүктіліктің жиырма аптасынан бастап отыз аптаға дейінгі мерзімінде босанған және дене салмағы бес жұз грамм және одан жоғарғы бала туу жағдайында, босану кезіндегі асқынулар мен жүргізілген операцияға қарамастан, әйелге босанғаннан кейін күнтізбелік жетпіс күнге босану фактісі бойынша еңбекке жарамсыздық парағы немесе анықтамасы беріледі;

5) ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын және/немесе жеңілдіктер мен өтемақыларға құқығын растайтын куәлігі бар әйелдерге жиырма екі аптадан бастап жиырма жетінші аптаға дейінгі жүктілік мерзімі кезінде босанған және дене салмағы бес жұз және одан артық грамм бала туған жағдайда, босану кезіндегі асқынулар мен жүргізілген операцияларға қарамастан, әйелге босанғаннан кейінгі босану фактісі бойынша күнтізбелік тоқсан үш күн еңбекке жарамсыздық парағы немесе анықтамасы беріледі ("Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабына сәйкес);

6) әйел жүктілік кезеңінде еңбекке уақытша жарамсыздық парына жүгінген кезде жүктілікке және босануға байланысты демалыс жүктіліктің 30 аптасынан бастап ұзақтығы жұз жиырма алты күнтізбелік күнге (босанғанға дейін күнтізбелік жетпіс күн және босанғаннан кейін күнтізбелік елу алты күн) есептеледі.

Жүктіліктің отызыншы аптасында жүкті әйел стационарда болуы кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық пары қажет болған жағдайда, жүктілік және босану бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық пары немесе анықтамасы бақыланған орны бойынша медициналық ұйымда медицина қызметкери (акушер-гинеколог дәрігер), егер ондай маман болмаған жағдайда бөлімше менгерушісімен бірлесіп, дәрігер (терапевт, жалпы практика дәрігері) ДКҚ қорытындысынан кейін медициналық денсаулық сақтау ұйымының үзінді көшірмесіне сәйкес ұзақтығы жұз жиырма алты күнтізбелік күн (босанғанға

дейін күнтізбелік жетпіс күн және босанғаннан кейін күнтізбелік елу алты күн) мерзімге береді.

Әйел босанғаннан кейінгі кезеңде еңбекке уақытша жарамсыздық парағына жүгінген кезінде босанғаннан кейін осы қағидалармен көзделген ұзақтықта ғана демалыс ұсынылады;

7) әйел үш жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста болған кезеңде жүктілік басталған жағдайда әйелге еңбекке уақытша жарамсыздық парағы жүктіліктің отызынышы аптасында ұзақтығы жүз жиырма алты күнтізбелік күн (bosanғанға дейін күнтізбелік жетпіс күн және босанғаннан кейін күнтізбелік елу алты күн) мерзімге беріледі;

8) босанған кезде немесе босанғаннан кейінгі кезеңде анасы қайтыс болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы нәрестеге күтім жасауды жүзеге асыратын адамға беріледі;

9) жүктіліктің жасанды үзу операциясы кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын операция жүргізілген стационарда және амбулаториялық-емханалық деңгейде болған кезде дәрігер бөлімше менгерушісімен бірлесіп береді, ал асқынулар болған жағдайда - еңбекке уақытша жарамсыздығының бүкіл кезеңіне береді.

Өздігінен аборт (түсік тастау) жасаған жағдайда медициналық қызметкер (акушер-гинеколог дәрігері), ал ол болмаған жағдайда - дәрігер бөлімше менгерушісімен бірлесіп ДҚҚ-нің қорытындысынан кейін бақылау орны бойынша босандыру ұйымының/көпбейінді стационардың үзіндісіне сәйкес амбулаториялық пациенттің медициналық картасында еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беріледі, медициналық ақпараттық жүйеде науқастың жағдайын сипаттайтын, диагнозымен қын көрсетілген тиісті жазба жүргізіледі;

10) әмбрионды орналастыру операциясын жүргізу кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын әмбрионды отырғызған күннен бастап жүктілікті анықтау фактісіне дейін операция жүргізген медициналық үйим береді.

Биологиялық ана суррогат ана болған кезде еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы тікелей перзентханада баланың туған күнінен бастап күнтізбелік елу алты күн мерзімге беріледі;

11) Жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге (ата-ананың біреуіне) баланы асырап алған күннен бастап және бала туған күннен бастап елу алты күн өткенге дейінгі кезеңге демалыс беріледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2025 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Жүкті әйелдерге, бала (балалар) туған әйелдерге, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (еркектерге) еңбекке уақытша жарамсыздық парагы екі данада беріледі:

1) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді жүзеге асыру үшін;

2) жүктілігі және босануы бойынша демалыс, жұмыс орны бойынша жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге демалыс беру үшін беріледі.

4-параграф. Науқас балаға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру

59. Науқас балаға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын медицина қызметкері тікелей күтім жасауды жүзеге асыратын баланың заңды өкілдерінің немесе жақын туыстарының біреуіне береді.

60. Науқас балаға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы ол күтім жасауды қажет еткен кезеңің ішінде, бірақ күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімге беріледі және ұзартылады. Анасымен немесе баланың басқа да заңды өкілдерімен болған бала түрғылықты мекенжайынан тыс жерде ауырып қалған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы басқа қалалық ретінде (медициналық үйим басшысының қолы қойылып) беріледі.

61. ДКК қорытындысы бойынша күтімді қажет ететін баланы стационарлық, оның ішінде оқалту орталығында емдеу кезінде күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы ата-ананың біреуіне немесе балаға күтім жасайтын адамға:

1) үш жасқа дейін баланың стационарда болған бүкіл кезеңінде;

2) үш жастан жоғары ауыр науқас балалардың бала осындай күтімді қажет ететін мерзімге;

3) мүгедек-баланың ДКК қорытындысы бойынша стационарда болған бүкіл кешеңінде;

4) медициналық үйимның жолдамасымен олардың тұрақты мекенжайынан тыс, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге, барып-қайту жолақысын қоса алғанда, стационарда болған бүкіл кезеңіне беріледі.

62. Егер бала стационардан шығарылғаннан кейін күтім жасауды қажет етсе, ал емдеуге жатқызғанға дейін күтім жасау үшін жұмыстан босату жүргілмесе, еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық ұйым құнтізбелік он күнге дейінгі кезеңге береді. Егер стационарға жатқызғанға дейін бұл ауру бойынша еңбекке жарамсыздық парагы немесе анықтамасы берілген болса, ол қалған күндерге де (он күнге дейін) беріледі.

63. Күтім жасау бойынша босатылған кезеңде балада бұрынғы ауруға қатысы жоқ басқа ауру туындаған жағдайда анасына (әкесіне немесе отбасының басқа бір мүшесіне) басқа еңбекке уақытша жарамсыздық парагы және анықтамасы беріледі.

64. Егер бала Қазақстан Республикасынан тыс жерге жіберілсе, ол қайтып келген кезде басқа елдегі консультация (емдеу) туралы құжаттардың негізінде ДКК еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын түпкілікті ресімдеуді жүргізеді.

65. Бір мезгілде екі және одан да көп бала ауырған жағдайда оларға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагының немесе анықтамасының біреуі беріледі.

66. Бала анасының (әкесінің) жұмыстан босауын (жыл сайынғы төленетін еңбек демалысы, жүктілігі және босануы бойынша демалыс, еңбекақысы сақталмайтын демалыс, демалыс немесе мереке күндері, сондай-ақ балада бұрынғы ауруына байланысты емес басқа ауру туындаған жағдайда) қажет етпейтін кезеңде ауырған кезде күтім жасау бойынша уақытша жұмысқа жарамсыздық парагы баланың сырқаттануы басталған күні есепке алынбай, ата-анасының жұмысқа кірісуі тиіс күнінен бастап беріледі.

67. Анасы (әкесі) балаға күтім жасауды жүзеге асыра алмай ауырып қалған жағдайда, еңбекке уақытша жарамсыздық парагын анасы (әкесі) ауырған кезде балаға күтім жасауды нақты жүзеге асыратын отбасы мүшесінің біреуіне олардың емделген жеріндегі медициналық ұйым береді.

68. Науқас балаға күтім жасау бойынша демалыста жүрген, толық емес жұмыс күні шартында немесе үйде жұмыс істейтін адам еңбекке уақытша жарамсыз болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парагы беріледі.

69. Ремиссия кезеңінде созылмалы науқас балаларға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы берілмейді.

5-параграф. Карантин кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру

70. Инфекциялық аурумен ауырған науқастармен қарым-қатынаста болған немесе бактерия тасушылық салдарынан уақытша жұмыстан шеттетілген

адамдарға еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті аумақтық департаментінің эпидемиолог дәрігерінің ұсынысы бойынша медициналық ұйымның медицина қызметкери (учаскелік дәрігер) береді.

Бұл жағдайларда инфекциялық ауруды бастан өткерген және олармен қарым-қатынаста болған адамдарды жұмыстан шеттету ұзақтығы адамдарды оқшаулау мерзімімен анықталады.

Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайға байланысты үй немесе стационарлық карантинде болған кезеңде адам жұмыс берушімен тараптардың өзара келісімі бойынша Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша берілген, медициналық бақылауда болуын қуәландыратын құжат ретінде анықтама негізінде қашықтықтан жұмысты жүзеге асыра алады. Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы мұндай жағдайда берілмейді.

71. Карантин кезінде мектепке дейінгі білім мекемесіне баратын жеті жасқа дейінгі балаға күтімі жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын аумақтық санитариялық эпидемиологиялық қадағалау органдының эпидемиолог дәрігері ұсынымының негізінде карантиннің бүкіл кезеңінде жұмыс істейтін немесе оқитын отбасы мүшесінің біреуіне беріледі.

72. Қоғамдық тамақтану, сумен қамтамасыз ету ұйымдарында, медициналық ұйымдарда, балалар мекемелерінде жұмыс істейтін адамдарға оларда гельминтоз болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парагы дегельминтизациялаудың бүкіл кезеңіне беріледі.

6-параграф. Ортопедиялық протездеу кезінде еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру

73. Ортопедиялық протездеу кезінде еңбекке жарамсыздық парагы немесе анықтамасы адамды тек протездік-ортопедтік орталықтың стационарына емдеуге жатқызу кезінде, науқасты стационардан шығару кезінде стационарда болған бүкіл уақыты мен емделу орнына келу және қайту уақытына, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ғана стационардың медицина қызметкери медициналық басшысымен бірлесе отырып, береді.

Амбулаториялық-емханалық жағдайларда протезделуші адамдарға еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы берілмейді.

7-параграф. Туберкулезben ауыратын науқастарға еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру

74. Туберкулезben ауыратын науқастар жалпы бейіндегі медициналық ұйымға қаралған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе

анықтамасын беру осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

75. Мүгедек деп танылған адамға еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы мүгедектік тобы белгіленген күнінен бастап жабылады.

76. Еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде адамның біліктілігі мен еңбек ақысы жоғалмайтын емделу курсы аяқтағаннан кейін оның жұмыс (оку) орны сақталады.

77. Бактерия шығармайтын және қақырық жақпасының тұрақты конверсиясына қол жеткізген туберкулезben ауыратын науқастардың еңбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе анықтамасы еңбекке жарамсыздық қалпына келген кезде ОДКК шешімі бойынша жабылуы мүмкін.

78. Алғаш анықталған туберкулез үдерісі, сондай-ақ қайталануы бар адам:

- 1) туберкулездің сезімтал түрі бар адам 10 ай бойы;
- 2) көптеген дәрілерге көнбейтін түрі бар адам 12 ай бойы;
- 3) ауқымды дәрілерге көнбейтін түрі бар адам 15 ай бойы еңбекке уақытша жарамсыз деп саналады.

Емнің оң әсері болмаған кезде (өкпе туберкулезімен ауыратын науқастарда бактерия шығарудың және өкпеден тыс туберкулезben ауыратын науқастарда мүгедектік белгілерінің сақталуы) мүгедектік тобын анықтау үшін МӘС-ке жіберіледі.

3-тарау. Қорсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді қорсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 07.12.2021 № ҚР ДСМ-125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

79. Қорсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер қорсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым қорсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік қорсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызметті қорсететін қорсетілетін қызметті берушінің атына келіп түсken өтініш берушінің шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер қорсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органның атына келіп түсken қорсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

80. Мемлекеттік қызметтер көрсете мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызметтер көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Еңбекке уақытша
жарамсыздыққа
сараптама жүргізу, сондай-ақ
еңбекке уақытша жарамсыздық
парагын немесе анықтамасын
беру қағидаларына
1 қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – КР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № КР ДСМ-146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

"Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі

1	Көрсетіletіn қызметті берушінің атаяуы	Денсаулық сақтау субъектіле
2	Мемлекеттік көрсетіletіn қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетіletіn қызметті жүгінген кезде); 2) "Электрондық үкімет" ве әрі - портал).
3	Мемлекеттіk қызметті көрсете мерзімі	Мемлекеттіk қызметті көрсетіletіn қызметті біншінен көзде немесе пайдаланып күшті тапсырылған сәттен минуттан аспайды.
4	Мемлекеттіk қызметті көрсете нысаны	Электрондық

		автоматтандырылған)/қағаз т
5	Мемлекеттік қызметті көрсете нәтижесі	Еңбекке уақытша жарамсыздықтағынан осы Тізбенің 9-тармагындағы негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралынан да болып табылады.
6	Мемлекеттік қызметті көрсете кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмысынан қамтамасыз кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінан қажетті жұмыс (дүйсенбі – жұмыс ішінде 8.00-ден бастап 20.00-ге дейінде 9.00-ден 14.00-ге дейін), деңгеле және мереке күндеріне кезекшілік деңгелейтуші жұмысынан қамтамасыз Мемлекеттік көрсетілетін өтініш жұмысы күндері сағатта берілуі қажет; 2) портал - жөндеу жұмысынан қамтамасыз байланысты оқоспағанда, тәулік бойы.
8	Мемлекеттік қызметтер көрсете үшін қажетті құжаттар тізімі	1) көрсетілетін қызметті берушінан қажетті жұмыс (дүйсенбі – жұмыс ішінде 8.00-ден бастап 20.00-ге дейінде 9.00-ден 14.00-ге дейін), деңгеле және мереке күндеріне кезекшілік деңгелейтуші жұмысынан қамтамасыз Мемлекеттік көрсетілетін өтініш жұмысы күндері сағатта берілуі қажет; 2) порталға: электрондық нысанындағы өтініш. куәландыратын құжаттар туралынан көрсетілетін қызметті берушінан "екінші үкімет" веб-порталында пайдалануышының ұзлылықтарынан абоңенттік нөмірі арқылы өтініштегі келісімімен "электрондық нысанындағы өтініш" порталағынан құжаттар туралынан көрсетілетін қызметті берушінан қажетті жұмыс (дүйсенбі – жұмыс ішінде 8.00-ден бастап 20.00-ге дейінде 9.00-ден 14.00-ге дейін), деңгеле және мереке күндеріне кезекшілік деңгелейтуші жұмысынан қамтамасыз Мемлекеттік көрсетілетін өтініш жұмысы күндері сағатта берілуі қажет;
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті берушінан қажетті жұмыс (дүйсенбі – жұмыс ішінде 8.00-ден бастап 20.00-ге дейінде 9.00-ден 14.00-ге дейін), деңгеле және мереке күндеріне кезекшілік деңгелейтуші жұмысынан қамтамасыз Мемлекеттік көрсетілетін өтініш жұмысы күндері сағатта берілуі қажет; 2) көрсетілетін қызметті берушінан қажетті жұмыс (дүйсенбі – жұмыс ішінде 8.00-ден бастап 20.00-ге дейінде 9.00-ден 14.00-ге дейін), деңгеле және мереке күндеріне кезекшілік деңгелейтуші жұмысынан қамтамасыз Мемлекеттік көрсетілетін өтініш жұмысы күндері сағатта берілуі қажет;

10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзгеде талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алуша тіркелген ұялы байланыстың арқылы мемлекеттік көрсө портал хабарламасына жараптік пароль беру немесе хабарлама жіберу арқылы нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алуша жағдайда Мемлекеттік көрсө портал арқылы электрондық мүмкіндігі бар.</p> <p>Дене мүмкіндіктері шектеуде пандус, шақыру түймесі, Занекоретіндерге арналған тактазалы, құжаттар үлгілері бары тиіс.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алуша қызметті берушінің қызметтерінде, сондай-ақ "7777 Бірыңғай" байланыс Мемлекеттік қызмет көрсетеді мәртебесі туралы ақпарат бар.</p>
----	--	--

Еңбекке уақытша

жарамсыздыққа

сараптама жүргізу, еңбекке

уақытша жарамсыздық парагын

немесе анықтамасын

беру қағидаларына

2-қосымша

Форма

Нысан

Еңбекке уақытша жарамсыздыққа парагы/ Лист о временной нетрудоспособности серия № 0000000

Еңбекке уақытша жарамсыздық, парагы

Лист о временной нетрудоспособности

Алғашқы - жалғасы/Первичный - продолжение

(тиестісінің астын сызу/соответствующее подчеркнуть)

<p>Дәрігер толтырады да емдеу үйымында қалдырады/</p> <p>Заполняется врачом и остается в медицинской организации и</p>	<p>(еңбекке уақытша жарамсыз адамның тегі аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) / фамилия, имя и отчество временно нетрудоспособного (при его наличии))</p> <p>(мекен жайы / домашний адрес)</p> <p>(қызмет орны — заны тұлғаның атауы/место работы – наименование юридического лица)</p> <p>Берілді _____ 20____ ж.</p> <p>Выдан (күні, айы, жылы / число, месяц, год)</p>	<p>(дәрігердің тегі/ фамилия врача)</p> <p>Сыркатнаманың № истории болезни алушының получателя)</p>
--	--	---

<p>Еңбекке уақытша жарамсыздық параги Лист о временной нетрудоспособности Алғашқы - парактың жалғасы / Первичный – продолжение листка № _____ (тистісінің астын сызу - соответствующее подчеркнуть) Серия № 0000000</p> <p>(емдеу үйымының атауы және мекен жайы / наименование и адрес медицинской организации)</p> <p>Берілді _____ 20__ ж. _____ Выдан күні, айы/число, месяц 20____ г. ХАЖ-10 коды Жасы _____ Возраст (толық жасы/полных лет)</p> <p>(еңбекке уақытша жарамсыз адамның тегі аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)/фамилия, имя и отчество временно нетрудоспособного (при его наличии))</p> <p>қызмет орны, заңды тұлғаның атауы, лауазымы/место работы, наименование юридического лица, должность ХАЖ-10 коды/Код МКБ-10 Корытынды ХАЖ-10 коды/Заключительный код МКБ-10</p> <p>Емдеу үйымында дәрігері _____ толтырады/Заполняется врачом _____ медицинской организации (қазақ немесе орыс тілінде/ на казахском или русском языке)</p> <p>Еңбекке уақытша жарамсыздықтың түрі көрсетілсін (жіті немесе созылмалы ауру жарақаттанған және уланған, жүктілікті жасанды үзген, науқас балаға күтім жасау, босану, жаңа туган баланы (балаларды) асырап алу, санаторийлік-курорттық үйымдар карантин, ортопедиялық протездеу)/Указать вид временной нетрудоспособности (остро хронического заболевания, травмы и отравления, искусственное прерывание беременности больным ребенком, беременность и роды, усиновление/удочерение новорожденного долечивание в санаторно-курортных организациях, карантин, ортопедическое протезиро Сырқат балаға күтім жасау бойынша АХЖ-10 бойынша науқастың жасы, диагнозы көр кеінде АХЖ-10 бойынша карантинде туыннатқан аурудың атауы көрсетілсін По уходу за больным ребенком указать возраст больного и диагноз по МКБ-10, при назначение заболевания по МКБ-10, вызвавшего карантин Санаторийлік-курорттық емделу кезінде жолдама мерзімінің басталатын және көрсетілсін/При санаторно-курортном лечении указать дату начала и окончания срока пу Режим: Режимді бұзушылық туралы белгі/Отметки о нарушении режима Дәрігердің қолы/Подпись врача</p> <p>Стационарда болды/Находился в МЭС-ке жіберілді/Направлен на МСЭ стационаре 20____ ж. ____ 20____ г. 20____ ж. ____ 20____ ж. Дәрігердің қолы/Подпись врача с ____ 20____ г. по ____ 20____ ж. Куэландырылды/Освиде 20____ г. Сараптама 20____ ж. ____ 20____ г. Уақытша басқа жұмысқа қорытындысы/Экспертное ауыстырылсын/Перевести МЭС бөлімі бастығының қолы</p>		<p>Емдеу мекемес медицинской с Муж./ Эйел-Ж астын сызу/ подчеркнуть</p>
---	--	---

временно на другую работу с	Подпись начальника отдела МСЭ
20__ ж. __ ден 20__ ж.	
дейн	МЭС-тің мөрі/Печать
20_____ г. по _____	
20_____ г.	
Бас дәрігердің қолы/Подпись главного врача _____	

Жұмыстан босатылу/Освобождение от работы

Қай күннен бастап/
С какого числа
күні, айы/число, месяц)

Кай күнді қоса алғанда қай
күнге дейін/
По какое число включительно
(күні мен айы жазумен/число и
месяц прописью)

Дәрігердің қызметі мен Дәрігердің қолы/
тегі/Должность и фамилия врача Подпись врача

Жұмысқа кірісу/Приступить к работе

(күні мен айы жазумен/число и месяц прописью)

Жаңа парақ берілді (жалғасы)/Выдан новый лист (продолжение) №_____

Дәрігердің қызметі, тегі, қолы/
Должность, фамилия и подпись врача
Емдеу мекемесінің мөрі/
Печать лечебного учреждения
Сыртқы беті
(занды тұлға атауы/наименование юридического лица)

№_____ Таб/Таб
Бөлім/отдел _____ Қызметі/Должность _____

Тұрақты, уақытша, маусымды жұмыс (тиістісінің асты сзылсын).

Жұмыс істемеді 20__ ж __ дан

20__ ж. _____ дейін

Работа постоянная, временная, сезонная (нужное подчеркнуть).

Не работал с __ 20__ г. по __

20__ г.

Еңбекке жарамсыз уақытындағы демалыс күндері _____ Жұмысқа
кірісті 20__ ж.

_____ дейін

Выходные дни за период нетрудоспособности (күні/дата)

Бөлім бастығының қолы _____ Табельшінің қолы _____ Күні
Подпись начальника отдела _____ Подпись табельщика _____ Дата

Мөр/Печать

Еңбекке уақытша
 жарамсыздыққа
 сараптама жүргізу, сондай-ақ
 еңбекке уақытша жарамсыздық
 парагын немесе анықтамасын
 беру қагидаларына
 3-қосымша

"Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.11.2022 № ҚР ДСМ-146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Кызмет берушінің атаяу	Денсаулық сақтау субъектілері
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті жүгінген кезде); 2) "Электрондық үкімет" веб-эрі - портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін қызметті бірнеше жүгінген кезде немесе пәннен күжатты тапсырған сәттен минуттан аспайды.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық автоматтандырылған)/қағаз тапсырған.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтама не осы стандарттың көрсетілген негіздер бойынша қызмет көрсетуден бас тартылады жауап беру болып табылады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беру жұмаға дейін (дүйсенбі – жұмыс 8.00-ден бастап 20.00-ге дейін, деңгеже 9.00-ден 14.00-ге дейін), деңгеже мереке күндеріне кезекші жұмысын қамтамасыз Мемлекеттік көрсетілетін өтініш жұмыс күндері сағатта берілуі қажет; 2) портал - жөндеу жұмыс байланысты техникалық қоспағанда, тәулік бойы.
8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті күжаттар тізімі	1) көрсетілетін қызметті беру сәйкестендіру үшін куәландыратын күжат; 2) порталға: электрондық

		нысанындағы өтініш. Көрс беруші жеке басын куәланд туралы мәліметті "Электронд арқылы тиісті мемлекет жүйелерден алды.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ұсынған құжаттардың және деректердің (мәліметтердің) анықтау; 2) көрсетілетін қызметті (немесе) мемлекеттік қызметтің қажетті ұсынылған объектілердің, деректердің жосы Қағидаларда белгіле сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының көрсету мәселе Бірыңғай байланыс орталығының 7777, 1414 телефоны арқылы мүмкіндігі бар.

Еңбекке уақытша
 жарамсыздыққа сараптама
 жүргізу, сондай-ақ еңбекке
 уақытша жарамсыздық
 парагын немесе анықтамасын
 беру қағидаларын бекіту
 туралы бұйрығына
 4-қосымша

Қыын босанулар тізбесі

Ескеरту. Қағидалар 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2025 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

O14.2	HELLP синдромы
O15.0	Жүктілік кезіндегі жүктілік талмасы
O15.1	Босану үстіндегі жүктілік талмасы
O15.2	Босанудан кейінгі кезеңдегі жүктілік талмасы
O30.0	Егіз балага жүкті болу
O30.1	Үш балаға жүкті болу
O30.2	Төрт балага жүкті болу
O44.1	Қан кетуі қабаттасқан бала жолдасының алда жатуы
O45.0	Қан ұйығыштығының бұзылуы қабаттасқан бала мерзімінен бұрын ажырауы
O60.1	Мезгілінен ерте босанумен мезгілінен ерте толғақ
O60.2	Уақытылы босанумен мезгілінен ерте толғақ
O60.3	Жосықсыз толғақсыз мезгілінен ерте босану
O70.2	Босандыру процесsei үстіндегі шаттың үшінші дәрежесі

O70.3	Босандыру процесsei үстіндегi шаттың төртіншi дәрежесі
O71.0	Жатырдың босану басталғанға дейін жарылуы
O71.1	Жатырдың босану үстінде жарылуы
O71.2	Жатырдың босанудан кейінгi айналуы
O71.5	Жамбас ағзаларының басқа акушерлік жарақаттары
O71.6	Жамбас буындары мен байламдарының акушерлік жарақаттары
O75.1	Босану мен босанудан кейін немесе босандыру үстіндегi айналуы
O75.4	Акушерлік оперативтік әрекеттер мен басқа ем шаралар
O81.1	Қышқашты орта тұсқа салу (куыстық)
O81.2	Қышқашты орта тұсқа бұрай салу (куыстық)
O81.4	Вакуум-экстракторды пайдалану
O82.0	Элективті кесарь тілігін жүргізу
O82.1	Кесарь тілігін мезгілінде жүргізу
O82.2	Жатырды сылып тастаумен жүргізілген кесарь тілігі
O82.8	Кесарь тілі арқылы босандырылған бір ұрықты басқа арқылы
O82.9	Кесарь тілі арқылы босандырылған анықталмаған бір ұрықты басқа арқылы
O83.4	Босандыру кезіндегi құрылышын бұзу операциясы
O84.0	Көп ұрықты босанулар, барлығы өздігінен
O84.1	Көп ұрықты босанулар, барлығы қышқаштағы экстракторды қолдану арқылы
O84.2	Көп ұрықты босанулар, барлығы кесарь тілігімен
O85	Босанудан кейінгi сепсис
O87.1	Босанудан кейінгi кезеңдегi терең флеботромбоз
O88.0	Акушерлік ауа эмболиясы
O88.1	Қаганақ сұйықтығымен эмболдану
O88.8	Акушерлік басқа эмболия

Бұйрыққа

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір күші жойылған

бұйрықтарының тізбесі

1) Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парагын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10964 тіркелген, 2015 жылғы 29 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парагын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 17

қыркүйектегі № ҚР ДСМ-15 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17406 тіркелген, 2018 жылғы 3 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

3) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парагын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № ҚР ДСМ-30/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20332 тіркелген, 2020 жылғы 13 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған);

4) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парагын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34/2020 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20356 тіркелген, 2020 жылғы 15 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған).